

**EURASIAN  
RESOURCES  
GROUP**

ERG



**ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ  
ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

## КІРІСПЕ

ERG бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын және адалдық қағидатын ұстанады және кез-келген нысанда және көріністе парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты қабылдамайды.

Компания өзінің лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің немесе компаниямен ынтымақтасатын үшінші тұлғалардың пара алуға немесе сыбайлас жемқорлық қызметіне, оның ішінде пара ұсыну, параны уәде ету, жәрдемдесу, талап ету, беру немесе алу немесе немесе өзге де пайда алу есебінде сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысуын қабылдамайды. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі осы саясатта ERG парақорлықтың және сыбайлас жемқорлықтың басқа да нысандарының алдын алуға көзқарасы бекітілген. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және олардың кез-келген түрлерімен күресу мақсатында ERG Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді бағдарламаны енгізді.

### БЕКІТКЕН:

Менеджерлер кеңесі

### БЕКІТКЕН КҮНІ:

21 қыркүйек 2014 ж.

### ИЕСІ:

Топтың комплаенс басшысы

## САЯСАТТЫ ҚОЛДАНУ АЯСЫ



- Саясат Компанияға, оның барлық еншілес ұйымдарына және Компанияның барлық қауымдастырылған тұлғаларына немесе оның кез-келген еншілес ұйымдарына қолданылады
- Компания жұмыс істейтін барлық юрисдикциялардағы барлық іскерлік қатынастар

## ERG МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ



ERG әрқашан жауапкершілікпен, адал және әділетті түрде әрекет етеді, парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне қатыспайды және оларды қабылдамайды. ERG компания атынан әрекет ететін кез-келген қауымдастырылған тұлғаларға келесіге тыйым салады:

- Параны талап етуге, жәрдемдесуге немесе қабылдауға немесе оны алуға келісуге;
- Пара ұсынуға, параны уәде етуге немесе беруге;
- Жергілікті немесе шетелдік мемлекеттік қызметшіге (қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда), оның ішінде мұндай төлем агент арқылы жүзеге асырылатын және осы төлем осы мақсатта пайдаланылатыны белгілі немесе күдікті жағдайларды қоса алғанда, төлем ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға;
- Компанияға коммерциялық пайда немесе жеке пайда алу үшін компанияда жұмысқа орналасуды ұсынуға, уәде етуге немесе беруге (тіпті уақытша негізде).

### НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ АЙМАҚТАРЫ

- |   |  |
|---|--|
| A. Сыйлықтар және мәдени-ойын-сауық іс-шаралары   | E. Сатып алу                                     |
| B. Мемлекеттік қызметшілермен байланысты шығыстар | F. Мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа орналастыру |
| C. Рәсімділікті жеңілдеткені үшін сыйақы          | G. Қызметкерлерді жалдау                         |
| D. КӨЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар | H. Саяси жарналар                                |
|   | I. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынас              |

## A. СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ



ERG қызметкерлеріне қандай да бір адамнан немесе ұйымнан сыйлықтар сұрауға немесе талап етуге, мәдени-ойын-сауық іс-шараларын өткізуге, өзге де шығыстарды жүзеге асыруға немесе қандай да бір мәселе бойынша жеке артықшылықтар беруге қатаң тыйым салынады.

Егер іскерлік сыйлықтар беру және алу, мәдени-ойын-сауық іс-шараларын өткізу және қатысу дәстүрлі іскерлік көңіл бөлу белгісі болса, олардың құны мен жиілігі ақылға қонымды және олар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін жағдайда ғана, ERG оларға мүмкіндік береді. Алайда, ешқандай жағдайда оларды алушыны қандай да бір міндеттемелермен байланыстыру, осындай міндеттемелердің пайда болуы туралы әсер ету немесе олар қабылдаған шешімдерге әсер ету немесе қандай да бір орынсыз немесе заңсыз пайда алу үшін пайдаланбау керек.

### СЫЙЛЫҚТАР КЕЛЕСІДЕЙ БОЛУЫ КЕРЕК:

- Анық, айқын
- Белгілі бір жағдайға орайластырылған
- Пропорционалды және адалдық принципіне сәйкес келеді
- Қарапайым іскерлік сыпайылықтың белгісі
- Қызметті жүргізудің жалпы қабылданған практикасына сәйкес



### КЕЛЕСІДЕЙ СЫЙЛЫҚТАР БЕРУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Ақшалай нысанда
- Алдын ала төленген карталар түрінде
- Ақшалай ваучерлер түрінде
- Белгіленген құны бар берілетін сертификаттар түрінде
- Ақшалай қаражаттың өзге баламалары түрінде



Барлық іскерлік сыйлықтар компания белгілеген шектеулерге, бекіту тәртібіне және есептілікте көрсетілуге қойылатын талаптарға, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың барлық талаптарына сәйкес келуі тиіс.

## B. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР



ERG бизнесті беру немесе сақтау немесе жүргізу кезінде артықшылыққа ие болу мақсатында кез келген адамдарға немесе қауымдастырылған тұлғаларға тікелей немесе үшінші тұлға арқылы мемлекеттік қызметшілерге немесе мемлекеттік қызметшінің талабы бойынша төлем жүргізуге немесе қандай да бір құндылықтарды ұсынуға, уәде беруге немесе рұқсат етуге тыйым салады.

Бірқатар елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мемлекеттік қызметшілермен байланысты ақылға қонымды және адалдық қағидатына сәйкес шығыстарға жол береді. Мұндай шығыстар жүзеге асырылғанға дейін қызметкерлер оларды комплаенс департаментімен келісуге міндетті.

## C. РӘСІМДІЛІКТІ ЖЕҢІЛДЕТКЕНІ ҮШІН СЫЙАҚЫ



Рәсімділікті жеңілдеткені үшін сыйақылар - әдеттегі міндеттерді орындау немесе жеделдету үшін немесе осындай төлемдердің мөлшеріне немесе жиілігіне қарамастан қандай да бір ресми стандартты рәсімнің орындалуын жеделдету үшін тауарларды беру немесе төлемдерді жүзеге асыру.

**Рәсімділікті жеңілдету үшін сыйақы болып табылатын әрекеттердің мысалдары :**

- Кеден қызметкерлерінің жеделдетілген клиринг үшін «шамадан тыс кедендік баждарды» төлеуді талап етуі;
- Лицензия немесе рұқсат беру процесін жеделдету үшін төлем – «жеделдету үшін арнайы төлем»;
- Жабдықтың немесе жүктің жедел транзитін қамтамасыз ету үшін төлем – «кепілдік үшін төлем».

ERG рәсімділікті жеңілдету үшін сыйақы беруге немесе рұқсат беруге тыйым салады.

Компанияның қызметкерлері мен контрагенттерінің жеке қауіпсіздігі мен еркіндігі ERG үшін басымдық болып табылады. Егер адамның қауіпсіздігі мен бостандығына қауіп төнсе, ол осы қауіпті болдырмау үшін мәжбүрлеу әсерінен төлем жасауға мәжбүр болуы мүмкін.

Мәжбүрлеу адамның физикалық қауіпсіздігіне немесе бостандығына нақты қауіп төндіретін жағдайды білдіреді. Мұндай төлемдер мәжбүрлеу әсерінен жасалған жағдайда, әрбір осындай оқиға қауіпсіз болған уақытта комплаенс департаментіне ақылға қонымды қысқа мерзімде хабарлау қажет.

## D. КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР



ERG-дің тұрақты даму стратегиясы аясында Компания қайырымдылық көмек көрсетеді және өзінің қатысатын аймақтарында демеушілік көмек көрсетеді.

ERG және оның қызметкерлері компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) жобалары, соның ішінде қайырымдылық жәрдем беру мен демеушілік қолдау сыбайлас жемқорлық мақсатында пайдаланылмайтынына ақылға қонымды кепілдік беру үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауы керек.

КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы барлық жобаларға қатысты ішкі рәсімдерге сәйкес тәуекелдерді кешенді бағалау жүргізілуі тиіс, ал олар туралы ақпарат Компанияның бухгалтерлік кітаптары мен есептілігінде тиісті түрде көрсетілуі тиіс.

## E. САТЫП АЛУ



ERG іскери серіктестері әділ ресми сатып алу процесі арқылы жұмысқа тартылады. Сатып алуды жасау және шарттар жасасу туралы кез-келген шешім бағаны, сапаны, тиімділікті, мерзімдерді, құзыреттерді және нормативтік талаптардың сақталуын ескере отырып, күтілетін ең жоғары пайдаға негізделуге тиіс.

Компанияның директорлары мен қызметкерлеріне сатып алу туралы немесе шарттар жасасу туралы шешім қабылдауға байланысты өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ұсынылатын, берілетін, шешілетін, талап етілетін немесе қабылданатын қандай да бір қаржылық немесе өзге де пайданы талап етуге немесе қабылдауға тыйым салынады.

## F. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ



ERG мемлекеттік қызметшілерді жалдай алады немесе оларды қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына сәйкес азаматтық-құқықтық шарт/жалдау шарты бойынша жұмысқа/қызмет көрсетуге тарта алады. Мұндай ынтымақтастық басталғанға дейін Компания мүдделер қақтығысының мүмкіндігін болдырмау және Компанияны парақорлық, сыбайлас жемқорлық және басқа да лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану қаупінен қорғау үшін тәуекелдерді мұқият бағалауды және кешенді тексеруді жүргізуі керек.

## G. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАЛДАУ



ERG білікті және тәжірибелі үміткерлерге жұмысқа орналасудың тең мүмкіндіктерін ұсынады және тиісті кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде кемсітушілікке жол бермейді.

## H. САЯСИ ЖАРНАЛАР



ERG Менеджерлер Кеңесі алдын ала бекіткен ерекше жағдайларды қоспағанда, кез-келген саяси партиялардың, саяси қызметке кандидаттардың, саяси науқандардың немесе саяси байланысы бар кез-келген бірлестіктердің немесе ұйымдардың пайдасына тікелей немесе жанама түрде ешқандай саяси жарналарды (ақшалай немесе заттай) жүзеге асырмайды

Кез-келген саяси жарналар ERG нормативтік құжаттарына және қолданылатын заңнаманың барлық талаптарына сәйкес бекітілуі тиіс.

## I. ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



ERG компанияның мүддесі мен атынан әрекет ететін барлық үшінші тұлғалар ERG корпоративтік тәртіп кодексінде, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексінде, осы саясатта және басқа да нормативтік құжаттарда көрсетілген компанияның құндылықтары мен этикалық стандарттарымен бөліседі деп күтеді.

**Үшінші тұлғалармен қарым қатынастарын басқару шеңберінде ERG келесі шараларды қабылдайды:**

### КЕЛІСІМДЕР

Барлық үшінші тұлғалар қолданыстағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, ERG корпоративтік тәртіп кодексінің, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексінің және ERG-дің барлық басқа қолданыстағы саясаттары мен процедураларының барлық талаптарын орындауға келіседі. Егер осы үшінші тарап осы талаптарды орындамаса, ERG үшінші тараппен қарым-қатынасты тоқтату құқығын өзіне қалдырады. Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың, ERG корпоративтік тәртіп кодексінің, ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексінің немесе үшінші тұлғаның ERG өзге де қолданылатын саясатының ережелерін немесе оларды бұзуға әкеп соғатын үшінші тұлғаның талаптары туралы ережелерді бұзушылықтар немесе бұзуға жәрдемдесу жағдайлары туралы Комплаенс департаментіне дереу хабарлау қажет.

### КЕШЕНДІ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ

Компания үшінші тұлғаларға тиісті кешенді тексеру жүргізеді және олармен ынтымақтастық басталғанға дейін және олардың қызметіне мониторинг жүргізеді. Компания кешенді тексерулер жүргізуге, олардың нәтижелерін құжаттауға және есепке алуға қатысты рәсімдерді енгізді.

### ОҚЫТУ

Жоғары тәуекел санатына жататын үшінші тұлғалар ERG-мен шарттарды орындау басталғанға дейін тиісті ERG саясаты бойынша оқытылады және кейіннен осы саясаттардың талаптарын тұрақты сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қажеттілігіне қарай мерзімді түрде қайта оқытудан өтеді.



## ЕСЕПТІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



ERG жасаған операциялары мен мүлікке немесе активтерге билік ету мәмілелерін дәл, сенімді және жеткілікті түрде егжей-тегжейлі көрсететін бухгалтерлік кітаптарды, құжаттарды және есептілікті жасайды және жүргізеді, осылайша мұндай мәмілелерді толық түсінуге және бақылауға мүмкіндік береді. Егер тиісті растайтын құжаттар болмаса, ERG атынан қандай да бір төлемдерді мақұлдауға жол берілмейді.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ



Барлық қызметкерлер осы саясат және басқа да байланысты саясаттар бойынша мерзімді оқытудан өтеді. Жаңа қызметкерлер кіріспе нұсқама аясында оқытылады.

## САЯСАТТЫ САҚТАМАУ



Осы саясатты сақтамаудың барлық жағдайлары құжатталуы және Комплаенс департаменті мен Басшылықтың назарына жеткізілуі тиіс.

ERG-дің кез-келген қызметкерінің, лауазымды тұлғасының немесе іскер серіктесінің осы саясатты бұзғаны анықталған жағдайда, оған қатысты мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- Тәртіптік жаза;
- Әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту;
- Қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарына сәйкес шартты бұзу немесе еңбек қатынастарын тоқтату.

## БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА



Егер қандай да бір қызметкерде, лауазымды тұлғада немесе іскер серіктесте осы саясаттың ережелері бұзылған немесе бұзылған болуы мүмкін деген күдік туындаса, олар бұл туралы ақылға қонымды жылдам мерзімде келесілерге хабарлауы керек:

- Компания басшылығына;
- Персоналды басқару департаментіне;
- Заң департаментіне;
- Комплаенс департаментінің өкіліне; немесе
- **ERG жедел желісіне.**

ERG этикаға жатпайтын, заңсыз немесе ERG корпоративтік тәртіп кодексінің ережелерін және/ немесе компанияның кез-келген саясатын бұзатын кез-келген тәртібі туралы хабарлайтын кез-келген тұлғаға қарсы әрекет етуге немесе қудалауға жол бермейді.

## ҚОСЫМША РЕСУРСТАР

- [ERG корпоративтік тәртіп кодексі](#)
- [ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі](#)
- [ERG іскерлік тәртібінің 16 қағидасы немесе стандарттары](#)

## АНЫҚТАМАЛАР

**ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА** - қызметкерлерді (оның ішінде уақытша және штаттан тыс), директорларды, лауазымды тұлғаларды, агенттерді (оның ішінде кеден агенттері мен экспедиторларын), консультанттарды, мердігерлерді, делдалдарды және жеткізушілерді қоса алғанда, компанияға немесе оның кез келген еншілес кәсіпорнына қызмет көрсететін кез келген тұлға немесе ұйым.

**Пара** – кез келген адамды қандай да бір әрекетке мәжбүрлеуге бағытталған немесе кез келген жосықсыз немесе заңсыз әрекеттерді орындағаны немесе біреудің сенімін теріс пайдаланғаны үшін, соның ішінде атап айтқанда, 1997 жылғы 21 қарашадағы халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды тұлғалардың пара алуына қарсы күрес жөніндегі ЭЫДҰ Конвенциясының 1-бабында келтірілген ұйғарымға сәйкес «Шетелдік мемлекеттік қызметшілерге пара беру» болып табылатын іс-әрекеттер болып табылатын кез келген төлем, сыйлық, қарыз, сыйақы, комиссиялық алым, сыйлықақы, пара алу немесе кез келген қаржылық емес пайда.

**КЕҢЕС** – Eurasian Resources Group S.à.r.l. Менеджерлер кеңесі

**ПАРАҚОРЛЫҚ** - пара ұсыну, параны уәде ету, беру немесе алу.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ** - жеке пайда алу үшін мемлекеттік қызметшінің өкілеттіктерін теріс пайдалану немесе жеке пайда алу үшін жүктелген өкілеттіктерді теріс пайдалану.

**«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ»** терминінің кең көлемді мағынасы бар және ол келесілерді білдіреді:

- a) сайланған немесе тағайындалған мемлекеттік лауазымды тұлға (мысалы, заң шығарушы органның мүшесі немесе Үкіметтің құрамына кіретін министрлік мүшесі);
- b) от органдары мүшесі немесе сот немесе квази-сот функцияларын орындайтын кез келген өзге тұлға;
- c) Мемлекеттік қызметшінің, мемлекеттік функцияларды орындайтын немесе үкіметке тиесілі не бақыланатын ведомствоның немесе кәсіпорынның (мысалы, мемлекеттік ведомство атынан тендерге қатысуға өтінімдерді қарау үшін жалданған ұйым) атынан немесе мүддесі үшін әрекет ететін қызметкер немесе жеке тұлға;
- d) Партия қайраткері, мемлекеттік лауазымға орналасуға кандидат, саяси партияның немесе мемлекеттік лауазымға орналасуға кандидаттың атынан немесе мүддесі үшін әрекет ететін лауазымды адам, қызметкер немесе жеке тұлға;
- e) Халықаралық қоғамдық ұйымның (мысалы, Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе Еуропалық комиссия) атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін қызметкер немесе жеке тұлға;
- f) Корольдік отбасы мүшесі немесе әскери қызметкер, сондай-ақ
- g) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де негіздерде мемлекеттік қызметшілер санатына жатқызылған кез келген тұлға.

**«ҮКІМЕТ»** термині мемлекеттік органдардың барлық деңгейлері мен бөлімшелерін, соның ішінде жергілікті, өңірлік, ұлттық, әкімшілік органдарды, заң шығарушы немесе атқарушы органдарды білдіреді.